

## Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет түрлерін қоса атқару туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы 2000 жылғы 26 ақпандағы N 66 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 9 наурыз өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1077. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 2003 жылғы 21 әуірдегі N 133 қаулысымен.

Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті реттеу мақсатында және "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы заңының 28-бабы 2-тармағының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 04 наурыздағы N 293 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар рыногындағы кастодиандық қызметті лицензиялау туралы ереженің 6-тармағының, "Банктер және банктік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 31 тамыздағы заң күші бар жарлығының 30-бабы 4-тармағының, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы заңының 58-бабы екінші бөлігінің, "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі заңының 7-бабы 4-тармағының, "Қазақстан Республикасында бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05 наурыздағы заңының 20-бабы екінші бөлігінің, "Зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компанияларға бағалы қағаздар рыногында брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру туралы" Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директоратының 1998 жылғы 26 наурыздағы N 45 қаулысының негізінде Ұлттық комиссия ҚАУЛЫ

Е Т Е Д І :

1. Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің мынадай түрлерін қоса атқаруға рұқсат етілетіндігі белгіленсін:

1) кастодиандық - бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметпен және бағалы қағаздармен жасалған операциялар бойынша өзара талаптар мен міндеттемелерді айқындау жөніндегі қызметпен (клирингтік қызметпен) ;

2) зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі - бағалы қағаздар портфелін басқару жөніндегі қызметпен, сондай-ақ бағалы қағаздар

рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметпен;

3) депозитарлық - ашық халықтық акционерлік қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімін жүргізу жөніндегі қызметпен және бағалы қағаздармен жасалған операциялар бойынша өзара талаптар мен міндеттемелерді айқындау жөніндегі қызметпен (клирингтік қызметпен).

2. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

3. Осы Қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 19 наурызда 273 нөмірмен тіркелген "Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызметті қоса атқару туралы" Ұлттық комиссияның 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 153 қаулысының (Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағы, 1997 ж., 172-бет; Қазақстан Республикасындағы бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағы, II том, 1998 ж., 128-бет) күші жойылған деп танылсын.

4. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Төраға қызметі - Талдау және стратегия басқармасы осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ-ның және бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының (оларға осы Қаулыны өз мүшелерінің назарына жеткізу жөніндегі міндетті жүктей отырып), "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің және "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" ЖАҚ-ның назарына жеткізсін.

5. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасы осы Қаулыны бағалы қағаздар рыногы кәсіпқой қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарының және "Қазақстан Тізілім ұстаушылар қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің мүшелері болып табылмайтын ұйымдардың назарына жеткізсін.

6. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау басқармасының Зейнетақыны реформалау бөлімі:

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) "Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры" ЖАҚ-ның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің, кастодиан-банктердің, инвестициялық қорлардың және инвестициялық қорлардың басқарушыларының назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

*Ұлттық комиссияның Төрағасы*

## *Ұлттық комиссияның мүшелері*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК